



Құрметті студент!

2017 жылы «Қызмет көрсету - 1» бағытындағы мамандықтар тобының бітіруші курс студенттеріне Оқу жетістіктерін сырттай бағалау 4 пән бойынша өткізіледі.

Жауап парақшасын өз мамандығыңыздың пәндері бойынша кестеде көрсетілген орын тәртібімен толтырыңыз.

Мамандық шифры	Мамандықтың атауы	Жауап парағының 6-9 секторларындағы пәндер реті
5B090500	«Әлеуметтік жұмыс»	1. Жалпы және әлеуметтік психология 2. Әлеуметтік жұмысты құқықтық қамтамасыз ету 3. Әлеуметтік жұмыс теориясы 4. Әлеуметтік жұмыстың әдістері мен технологиялары

1. Сұрақ кітапшасындағы тестер келесі пәндерден тұрады:
 1. Жалпы және әлеуметтік психология
 2. Әлеуметтік жұмысты құқықтық қамтамасыз ету
 3. Әлеуметтік жұмыс теориясы
 4. Әлеуметтік жұмыстың әдістері мен технологиялары
2. Тестілеу уақыты – 180 минут.
Тестіленуші үшін тапсырма саны - 100 тест тапсырмалары.
3. Таңдаған жауапты жауап парағындағы пәнге сәйкес сектордың тиісті дөңгелекшесін толық бояу арқылы белгілеу керек.
4. Есептеу жұмыстары үшін сұрақ кітапшасының бос орындарын пайдалануға болады.
5. Жауап парағында көрсетілген секторларды мұқият толтыру керек.

6. Тест аяқталғаннан кейін сұрақ кітапшасы мен жауап парағын аудитория кезекшісіне өткізу қажет.

7. - Сұрақ кітапшасын ауыстыруға;

- Сұрақ кітапшасын аудиториядан шығаруға;

- Анықтама материалдарын, калькуляторды, сөздікті, ұялы телефонды қолдануға

қатаң тиым салынады!

8. Студент тест тапсырмаларында берілген жауап нұсқаларынан болжалған дұрыс жауаптың барлығын белгілеп, толық жауап беруі керек. Толық жауапты таңдаған жағдайда студент ең жоғары 2 балл жинайды. Жіберілген қате үшін 1 балл кемітіледі. Студент дұрыс емес жауапты таңдаса немесе дұрыс жауапты таңдамаса қателік болып есептеледі.

Жалпы және әлеуметтік психология

1. Ақыл ойдың даму дәрежесін анықтауға арналған тестілер:

- A) Логикалық тест
- B) Бақылау
- C) Интеллектік тест
- D) Социометрия
- E) Ойын тесті

2. Психикалық процестерге жататындар:

- A) дарындылық және данышпандық
- B) қабілет және нышан
- C) мінез және темперамент
- D) түйсік және қабылдау
- E) ес және қиял

3. Психология ғылымының салалары:

- A) Әлеуметтану
- B) Жас ерекшелік психологиясы
- C) Педагогика
- D) Биология
- E) Философия
- F) Педагогикалық психология
- G) Арнайы психология

4. Психология ғылымының салалары:

- A) Философия
- B) Әлеуметтану
- C) Дін психология
- D) Медициналық психология
- E) Дінтану
- F) Заң психологиясы

5. Психиканың даму эволюциясын зерттейтін сала:

- A) Педагогикалық психология
- B) Заң психологиясы
- C) Зоопсихология
- D) Жас ерекшелік психологиясы
- E) Тарихи психология
- F) Салыстырмалы психология

6. Түйсік дегеніміз:

- A) Бірнеше анализаторлардың бірлесіп қызмет істеуінің нәтижесі
- B) Дүниедегі заттар мен құбылыстардың сезім мүшесіне тікелей әсер ету арқылы жекелеген қасиеттерінің миымызда бейнелеуі
- C) Психикалық қалып
- D) Заттардың түсін, иісін, дәмін, қатты-жұмсақтығын, кедір-бұдырлығын т.б. осы секілді қасиеттерін ажыратуға себеп болады
- E) Психикалық процесс

7. Контактті түйсіктерге жатады:

- A) Дәм сезу түйсігі
- B) Тактильді түйсіктер
- C) Тері түйсігі
- D) Есту түйсігі
- E) Қабылдау

8. Проприорецептивті түйсіктер:

- A) Уақытты сезу
- B) Есту
- C) Тепе-теңдік түйсігі
- D) Гравитация түйсігі
- E) Қимыл қозғалыстар түйсігі

9. Галлюцинация дегеніміз:

- A) Психикалық ауытқуы бар адамдарда кездеседі
- B) Адекватты қабылдау
- C) Жалған объектілерді қабылдау
- D) Кеңістікті қабылдау
- E) Уақытты қабылдау
- F) Қозғалысты қабылдау
- G) Сыртқы тітіркендіргіштің әсерімен санада пайда болған бейнелер

10. Ойлаудың атқаратын қызметтері:

- A) Қабылдау
- B) Заттар мен құбылыстар арасындағы заңдылықтарды табу
- C) Сезу
- D) Байқау
- E) Ұмыту

11. Ес процесі дегеніміз:

- A) Бірнеше анализаторлардың бірлесіп қызмет істеуінің нәтижесі
- B) Заттар мен құбылыстардың бейнесін тұтастай қабылдау
- C) Өткен тәжірибені есте сақтап, оларды қайта жаңғырту
- D) Заттардың түсін, иісін, дәмін сезу
- E) Психикалық қасиет
- F) Психикалық процесс
- G) Ақпаратты сақтап және қайта жаңғыртуынан көрінетін психикалық қызмет

12. Іс-әрекет формалары:

- A) Оқу
- B) Дағды
- C) Әдет
- D) Ойын
- E) Әрекет

13. Тұлғаның жеке ерекшеліктерінің көрінісі:

- A) сенім, мұрат
- B) бағалау, өзін-өзі бағалау
- C) ойлау, сөйлеу
- D) қызығу, дүниетаным
- E) сезім мен эмоция

14. Интервью (сұхбат) әдісінде көрініс табатындар:

- A) Адамның жеке темперамент қасиеттері
- B) Адамның өзін-өзі бағалауы
- C) Адамның мінезі
- D) Адамдардың бір-бірін қабылдау заңдылықтары
- E) Бір адамның екінші адамға әсері
- F) Адамның интеллект деңгейі
- G) Топтағы әлеуметтік рөлі

15. Социометрия әдісі:

- A) Топтағы лидерді анықтауға мүмкіндік береді
- B) Адамның өзін-өзі бағалау деңгейін анықтайды
- C) Топтағы аутсайдерді анықтауға мүмкіндік береді
- D) Жас ерекшелігін зерттейді
- E) Қақтығыстық жағдайды анықтайды
- F) Оқушы мен педагог арасындағы қарым-қатынасты анықтайды
- G) Адамның кәсіби бағдарын анықтайды

16. Жеке тұлғаның психикалық қасиеттеріне жатады:

- A) Ес
- B) Темперамент
- C) Фрустрация
- D) Ерік
- E) Мінез
- F) Қабілет

17. Сөйлеудің түрлері:

- A) Алшақ- коммуникатор
- B) Жазбаша сөйлеу
- C) Перцепция
- D) Интеракция
- E) Коммуникация
- F) Тілдесу

18. Әлеуметтік психологияның тармақтары Г.М. Андреева бойынша:

- A) Зоопсихология
- B) Қарым-қатынас психологиясы
- C) Геронтопсихология
- D) Топтар психологиясы
- E) Балалар психологиясы
- F) Өнер психологиясы

19. Проксемика дегеніміз:

- A) Көзін қадау
- B) Бір-біріне қатысты кеңістіктегі бағдар
- C) Арқа қағу
- D) Дистанция
- E) Қол беріп амандасу
- F) Көзін төңкере қарау
- G) Дене мүшелерінің түйісуі

20. Қарым-қатынастың негізгі қызметтері:

- A) Экспрессивтік
- B) Диалогтік
- C) Монологтік
- D) Зейін салу
- E) Есте сақтау
- F) Салыстыру

21. Топты демократиялы басқару стилінің сипаттары:

- A) Ұжымның жұмыс мотивациясының төмен болуы
- B) Шешімнің топпен келісіліп қабылдануы
- C) Шешімнің бір жақты қабылдануы
- D) Мадақтауға бейім болу
- E) Адамдардың қызығушылығына көңіл бөлмеу
- F) Жазалауға бейім болу

22. У.Джеймс бойынша тұлға келесі үш инстанцияның жиынтығы:

- A) Рухани Мен
- B) Биологиялық Мен
- C) Шындықтағы Мен
- D) Адамгершілік Мен
- E) Мұраттағы Мен
- F) Эстетикалық Мен

23. Үлкен әлеуметтік топтардағы психикалық құбылыстар:

- A) танымдық белсенділік сферасы
- B) топтық қатынастар сферасы
- C) қажеттілік-мотивациялық сфера
- D) еріктік қасиеттер сферасы
- E) когнитивті сфера
- F) тұлғалық қасиеттер сферасы
- G) ой және қиял сферасы
- H) аффективті және реттеуші-еріктік сфера

24. Тұлғаның әлеуметтік-психологиялық қасиеттерінің топтамасы:

- A) тұлғаның психологиялық ерекшеліктерімен байланысты қасиеттер
- B) тұлғаның әлеуметтік мінез-құлқы және позициясымен байланысты жалпы қасиеттер
- C) жалпы психологиялық қасиеттердің әлеуметтік топтамасы
- D) тұлғаның ұлттық ерекшеліктерінің топтамасы
- E) дифференциалды және жас ерекшелік қасиеттермен байланысты қасиеттер
- F) жалпыпсихологиялық және әлеуметтік-психологиялық қасиеттермен байланысты әлеуметтік қасиеттер

25. Сыбыстың тұлғаның өзгермелі әлеуметтік ортаға бейімделуіне көмектесе отырып атқаратын маңызды қызметтері:

- A) қоршаған орта құбылыстары мен заттарының бейнесін қалыптастыру
- B) жағдайға байланысты өзгеріп отыратын тұлғаның мінез-құлқын реттеп отыру
- C) қоршаған ортаны тануға деген әлеуметтік қажеттілікті қанағаттандыру
- D) заттар мен құбылыстардың айырмашылықтары мен ұқсастықтарын тану
- E) тұлғаның мінез-құлқына әсер ету
- F) топқа жатуға деген әлеуметтік қажеттілікті қанағаттандыру
- G) ұзақ уақыт бойғы белгісіздікті жою немесе төмендету

**Жалпы және әлеуметтік психология
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Әлеуметтік жұмысты құқықтық қамтамасыз ету

1. Әлеуметтік қамсыздандыру құқығы – адамның әлеуметтік-экономикалық құқығы негізі ретінде бекіткен құжат:
 - A) 1966 жылғы Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакті
 - B) 1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясы
 - C) 1990 жылғы ҚКСР-ның мемлекеттік егемендігі туралы декларациясы
 - D) 1937 жылғы ҚКСР-ның Конституциясы
 - E) 1993 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясы

2. Әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы құқықтық қатынастардың субъектілері:
 - A) әлеуметтік мекемелер
 - B) жеке тұлға (немесе отбасы), мемлекеттік органдар
 - C) заңды тұлғалар
 - D) коммерциялық заңды тұлғалар
 - E) мемлекеттің әлеуметтік қамсыздандыру қызметін жүзеге асырушы органдары

3. Жеке адамның біліктілігі мен жан-жақты дамуын қалыптастыру үшін негіз болып табылатын білім берудің әрбір деңгейі бойынша білімдер жүйесі қамтиды:
 - A) Білім беру мониторингін
 - B) Қосымша білім беру
 - C) Білім берудің негізгі принциптерін
 - D) Орта білім беруді
 - E) Жоғары білімнен кейінгі білімді
 - F) Жоғары білім беруді

4. Мемлекеттік әлеуметтік кепілдіктерге құқылы тұлғалар:
 - A) Қарттар мен балалар
 - B) Жастар
 - C) Жасөспірімдер
 - D) Панасыздар
 - E) Асырандылар
 - F) Әйелдер

5. Халықтың сапалы өмір сүруін қамтитын аспектілер:

- A) Экологиялық апаттарды болдыру
- B) Халықтың экологиялық таза ортада өмір сүруі
- C) Жер құнарын зерттеу
- D) Тұрғындарды зиянды жұмыстармен қамту
- E) Халықтың таза ауыз сумен қамтылуы
- F) Халықты зиянды жұмыстардан қорғау

6. Экологиялық апат салдарынан зардап шеккен адамдарға берілетін қосымша өтемдер мен жеңілдіктерге жатады:

- A) Тұрғын үйді жекешелендіруге құқысы жоқ
- B) Өтемақы алу
- C) Мемлекеттен тегін көмек алу
- D) Жәрдемақы алуға құқығы бар
- E) Үйді уақытша пайдалануға алуға

7. Медициналық-сараптама жүргізуші комиссия, мүгедектікті тағайындау бойынша мынадай құжат қабылдайды:

- A) бағдарлама
- B) ауырудың тапсырған анализдері
- C) қортынды шешім
- D) дәрігердің жолдамасы
- E) қорытынды
- F) бұйрық

8. Он төрттен он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандардың құқықтарын және мүдделерін қорғайды:

- A) Жергілікті өзін-өзі басқару органдары
- B) Заңды өкілдер
- C) Әкімшілік
- D) Қамқоршылары
- E) Қорғаншылары
- F) Қазақстан Республикасының сот билігі органдары

9. Мемлекеттік денсаулық сақтау секторы қалыптасады:

- A) Мемлекеттік және жекеменшік емханалар
- B) Стационарлы және жартылай стационарлы мекемелер
- C) Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналысы саласындағы субъектілерден тұрады
- D) Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналысы саласындағы субъектілерден тұрады
- E) Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік органдардан, мемлекеттік меншік құқығына негізделген денсаулық сақтау ұйымдарынан тұрады

10. Ай сайын азаматтарға мемлекеттік бюджеттен берілетін әлеуметтік көмектер:

- A) Зейнетақы
- B) Активтер
- C) Шәкіртақы
- D) Дотация
- E) Жалақы
- F) Субсидия
- G) Құнды қағаздар
- H) Жәрдемақы

11. Құқықтық жауаптылық тарту:

- A) Құқық бұзушыны кінәсін мойындату
- B) Құқық бұзушыны жауапқа тарту
- C) Құқық бұзушыны қолдау
- D) Мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы
- E) Құқық бұзушыны еркіндікке жіберу
- F) Отандық мәжбүрлеу
- G) Күш көрсету

12. Мүгедек балаларды тәрбиелеуші және оларды күтіп-бағуды жүзеге асырушы ата-аналардың және басқа да заңды өкілдердің мемлекеттік көмек алуы:

- A) Мүгедек баланың танымды өмірге құқығы болып табылады
- B) Баланың мемлекеттік көмекке құқығы болып табылады
- C) Қазақстан Республикасының заңымен қарастырылған міндеттері болып табылады
- D) Мемлекеттік саясаттың балалар мүддесін көздейтін мақсаты болып табылады
- E) Баланың қажетті тұрмыс деңгейіне белгіленген нормадан төмен болғанда

13. Балалар үйлеріне:

- A) Ата-анасы бас тартқан балалар қабылданады
- B) Дене бітімінің дамуында кемістігі бар балалар қабылданады
- C) 3 жастан 18 жасқа дейінгі жетім балалар және толық емес отбасынан шыққан балалар қабылданады
- D) Туғаннан бастап 3 жасқа дейінгі жетім балалар қабылданады
- E) 18 жасқа дейінгі ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар қабылданады

14. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған тәрбиелейтін, емдейтін және соған ұқсас басқа да мекемелердегі баланың құқықтары мен мүдделерін қорғауды, олардың жұмысқа орналасуына көмектесуді:

- A) Қазақстан Республикасының атқару билік органы
- B) Мектеп басшылығы жүзеге асырады
- C) Маслихаттар жүзеге асырады
- D) Интернат басшылары жүзеге асырады
- E) Қазақстан Республикасы Парламент жүзеге асырады

15. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған тәрбиелейтін, емдейтін және соған ұқсас басқа да мекемелердегі баланың құқықтары мен мүдделерін қорғауды, олардың жұмысқа орналасуына көмектесуді:

- A) ҚР Парламенті жүзеге асырады
- B) ҚР заң шығару билік органы
- C) Мектеп басшылығы жүзеге асырады
- D) Маслихат жүзеге асырады
- E) ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау министрлігі
- F) Интернат басшылары жүзеге асырады
- G) Жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады
- H) ҚР атқару билік органы

16. Патронат туралы ережені бекітеді:

- A) Қазақстан Республикасы Парламенті бекітеді
- B) Қазақстан Республикасы Мәжілісі бекітеді
- C) Қазақстан Республикасы Сенаты бекітеді
- D) Қазақстан Республикасының заң шығару билік органы
- E) Қазақстан Республикасы Үкіметі бекітеді
- F) Қазақстан Республикасының атқару билік органы
- G) Қазақстан Республикасының Премьер министрі

17. Қорғаншылық:

- A) Он төрт жасқа дейінгі балалардың құқығы мен мүддесін қорғаудың құқықтық нормалар негізіндегі іс - әрекет
- B) Балалардың құқығы мен мүддесін қорғаудың құқықтық нысаны
- C) 5 жасқа келген балаларды қорғау нысаны
- D) 18 жасқа (кәмілетке) толмағандардың қорғалу нысаны
- E) 16 жастағы балалардың қамқорлыққа алынуы
- F) 14 жасқа толмаған балалардың құқығы мен мүддесін қорғаудың құқықтық нысаны
- G) 17 жасқа келген балаларды қорғау нысаны

18. Қазақстан Республикасы азаматтарының Конституцияда көрсетілген әлеуметтік құқығы:

- A) меншік
- B) азаматтық алу
- C) сайлау
- D) білім алу
- E) сайлануға
- F) денсаулық сақтау

19. Әлеуметтік қамсыздандыру құқығы алғашқы рет халықаралық құқықтық актіде бекітілді:

- A) 1966 ж. Экономикалық халықаралық пакт
- B) 1948 ж. Геноцид конвенциясы
- C) 1949 ж. Женева конвенциясы
- D) 1966ж Әлеуметтік құқықтар туралы халықаралық пакт
- E) 1966 ж Мәдени құқықтар туралы халықаралық пакт
- F) 1948 ж. Адам құқықтарының жалпы декларациясы
- G) 1966 ж. Экономикалық құқықтар туралы халықаралық пакт

20. Әлеуметтік қамсыздандыру құқықтық нормативтік актілердің уақыттағы күші:

- A) Материалдық игіліктерді еңбектің қатысуынсыз бөлу шараларының жиынтығын білдіреді
- B) Мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру мен қорғауды жүзеге асыру барысында туындаған қоғамдық қатынастардың белгілі бір тобын реттейтін нормалардың жиынтығы
- C) Әлеуметтік қамсыздандыру құқықтық нормативтік актілердің уақыттағы әрекет етуіндегі басталуы мен аяқталуын білдіреді
- D) Заңдық әрекет шеңберін анықтайды
- E) Еңбек стажы, зейнетақылар, жәрдемақылар, жеңілдіктер, өтемақылар, әлеуметтік қызмет көрсетуді білдіреді
- F) Зейнетақы, жәрдемақы, өтемақы, заттай көмек көрсету және процедуралық немесе іс жүргізушілік сипаттағы көмек екендігін білдіреді
- G) Әлеуметтік жеңілдіктер, зейнетақылар, жәрдемақылар, жеңілдіктер, өтемақылар, әлеуметтік қызмет көрсетуді білдіреді

21. Ай сайын азаматтарға мемлекеттік бюджеттен берілетін әлеуметтік жәрдемақылар:

- A) Дарынды балаларға берілетін жәрдемақы
- B) Бала күтіміне байланысты жәрдемақы
- C) Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы
- D) Ауыр жұмыс жасауы бойынша жәрдемақы
- E) Кедей отбасыларға жәрдемақы
- F) Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы
- G) Өндістік жарақаты бойынша жәрдемақы
- H) Жалғыз қалуына байланысты жәрдемақы

22. Кәмелетке толмаған ата-аналардың құқықтары:

- A) Кәмелетке толмаған ата-аналардың жалпы негіздерде өздерінің әке және ана болуын мойындамауға құқылы
- B) Некеге тұрмаған, кәмелетке толмаған ата-аналар олар бала туған жағдайда өздері он алты жасқа толғанда ата-ана құқығын өз бетінше жүзеге асыруға құқылы
- C) кәмелетке толмаған ата-аналардың баласымен бірге тұруға және оны тәрбиелеуге қатысуға құқылы
- D) кәмелетке толмаған ата-аналар мектептен шығарылады
- E) кәмелетке толмаған ата-аналардың баласымен мемлекеттің қарамағына өткеруге құқығы бар
- F) кәмелетке толмаған ата-аналар мемлекеттен жәрдемақы ала алады
- G) Кәмелетке толмаған ата-аналардың жалпы негіздерде өздерінің әке және ана болуын мойындауға құқылы
- H) кәмелетке толмаған ата-аналардың тұрғын үй болған кезде ғана некеге тұра алады

23. Мемлекеттік базалық зейнетақы:

- A) Ерікті жарналар жиынтығы
- B) Қазақстан Республикасының азаматтарына зейнеткерлік жасқа жеткен соң берілетін ай сайынғы ақшалай төлем
- C) Зейнеткерлердің еңбек ету жылымен есептелетін ақшалай төлемдер
- D) жинақтаушы зейнетақы қорларынан бюджетке аударылатын төлем
- E) Қазақстан Республикасында тұратын 58 жастан асқан әйелдер мен 63 жастан асқан ер адамдарға мемлекеттің ай сайынғы ақшалай төлемі
- F) Қарт адамдардың депозиттерде жиналған қаражаттары
- G) зейнетақы аннуитеті шарты бұзылған кезде сақтандыру ұйымынан алатын ақша сомасы
- H) Зейнеткерлерге төлейтін мемлекеттің міндетті төлемі

24. Мүгедектерді медициналық оңалту:

- A) Тіршілік-тынысының шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттігіне әкеп соқтыратын аурулардан, жарақаттардан, олардың салдарынан, кемістіктерден организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығы бұзылған адам
- B) Организмнің бұзылған және (немесе) жоғалтқан функцияларын сақтауға, ішінара немесе толық қалпына келтіруге бағытталған медициналық қызметтер кешені
- C) Ішінара немесе толық қалпына келтіруге бағытталған медициналық қызметтердің организмнің бұзылған және (немесе) жоғалтқан функцияларын сақтауға бағытталған кешені
- D) Адамның тұратын экологиялық ортасын жақсарту, салауатты өмір салтын қалыптастыру, еңбектің қауіпсіз жағдайларын қамтамасыз ету, өндірісте жарақаттануды болдырмау, кәсіптік ауруларды азайту жөніндегі іс-шаралар
- E) Ерте диагноз қоюға, дене, ақыл-ой, психикалық, сенсорлық және басқа кемістіктердің туындауынан және кемістіктің тұрақты функционалдық шектелуге немесе мүгедектікке ауысуынан сақтандыруға бағытталған шаралар кешені, сондай-ақ денсаулықты қорғау

25. Жергілікті атқарушы органдар мүгедектерді жұмыспен қамту жүзеге асырылады:

- A) Адамды мүгедек деп таныған және еңбек қабілетін жоғалту дәрежесін белгілеген кезде олардың себептері, мерзімі, басталған уақыты, қосымша көмек түрлерін әзірлейді
- B) Мүгедектерді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмысқа орналастыру үшін арнаулы, сондай-ақ әлеуметтік жұмыс орындарын құру, мүгедектерге кәсіптік оқуды ұйымдастыру арқылы
- C) Жұмыс орындарының жалпы санының үш проценті мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу арқылы
- D) Жеке кәсіпкерлікті, шағын және орта бизнесті дамыту арқылы мүгедектер үшін қосымша жұмыс орындарын құру арқылы
- E) Алдын алуды тиісті мемлекеттік органдар, жергілікті мемлекеттік басқару органдары, ұйымдар мен жұмыс беруші жүзеге асырады
- F) Денсаулықты қорғау, адамның тұратын экологиялық ортасын жақсарту, салауатты өмір салтын қалыптастыру, еңбектің қауіпсіз жағдайларын қамтамасыз ету, өндірісте жарақаттануды болдырмау, кәсіптік ауруларды азайту жөніндегі іс-шаралармен

**Әлеуметтік жұмысты құқықтық қамтамасыз ету
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Әлеуметтік жұмыс теориясы

1. Әлеуметтік жұмыстың кәсіби әдістері мазмұны:
 - A) Ғылымда ғана қолданылады
 - B) Классификациялары бар
 - C) Балалармен жұмыс жүргізуде қолданылады
 - D) Әлеуметтік жұмыс теориясы мен практикасы үшін маңызды
 - E) Әртүрлілігімен ерекшеленеді
 - F) Әлеуметтік жұмыс құрылымына енбейді
 - G) Әлеуметтік жұмыс тәжірибесінде қолданылмайды

2. Әлеуметтік қызметкердің маман ретінде сипаты:
 - A) Әлеуметтік саясат бойынша маман
 - B) Бизнес бойынша серіктес
 - C) Қиын өмірлік жағдайға душар болған тұлғаларға әлеуметтік көмекті ұйымдастырушы
 - D) Мәдени - тынығу жұмысын ұйымдастырушы
 - E) Атаулы әлеуметтік қызметтің қажеттілігін анықтайтын маман
 - F) Маркетинг бойынша маман

3. Әлеуметтік жұмыстың мазмұнын ашатын негізгі түсініктер:
 - A) Альтруизм
 - B) Гуманизм
 - C) Феминизм
 - D) Маргинализм
 - E) Индивидуализм

4. Әлеуметтік жұмысты практикалық жүзеге асыру мекемелері:
 - A) Биржалар
 - B) Үкіметтік емес ұйымдар
 - C) Агенттіктер
 - D) Әлеуметтік орталықтар
 - E) Мемлекеттік мекемелер

5. Үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімі, жұмыспен қамту орталықтары, қайта оңалту орталықтары:

- A) Әлеуметтік көмектің субъектілері
- B) Әлеуметтік жұмыстың субъектілері
- C) Әлеуметтік көмек көрсету мекемелері
- D) Әлеуметтік жұмыстың әкімшілік органдары
- E) Әлеуметтік жұмыстың заңдылықтары
- F) Әлеуметтік жұмыс технологиялары
- G) Әлеуметтік жұмыс мазмұны

6. Ч.Буттың әлеуметтік жұмыстың ғылыми негізіне ықпал еткен әлеуметтік зерттеу жұмысының басты объектілері:

- A) Әйелдер
- B) Жұмыссыздар
- C) Кедейлер
- D) Жастар
- E) Халықтың өмір сүру деңгейі
- F) Қарттар

7. Әлеуметтік жұмыстың теориясы мен практикасында адам:

- A) Клиент
- B) Жеке адам
- C) Жеке тұлға
- D) Индивид
- E) Ер адам
- F) Тұлға
- G) Әйел адам

8. Отбасы қауіп факторлары «әлеуметтік қауіп-қатер тобы»:

- A) Ата-аналардың жұмыссыздығы
- B) Жылы қарым-қатынас
- C) Үйдегі қатігездік
- D) Балалар мен ата-ана арасындағы сенімділік
- E) Материалды жағдайының жақсы болуы
- F) Отбасының жоғары өмірлік деңгейі
- G) Ата-анасының маскүнем немесе наркоман болуы

9. Әлеуметтік құндылықтар:

- A) Пессимизм
- B) Әлеуметтік жұмыс
- C) Күйзеліс
- D) Азаматтық борыш
- E) Қауіп-қатер факторы

10. Әлеуметтік серіктестік принципі білдіреді:

- A) Міндеттерді орындаудағы екі жақты тең жауапкершілік
- B) Жұмыс беруші көзқарасының басымдылығы
- C) Тек жұмыс берушілердің шешімді орындаудағы жауапкершілігі
- D) Қызметкерлер көзқарастарын есепке алу міндетті емес
- E) Қабылданған келісулерді орындау міндетті еместігі
- F) Барлық жақтан келіссөздерді орындау міндеттілігі
- G) Екі жақты келіссөздердің теңдігі

11. Халықты әлеуметтік қорғау мекемесі:

- A) Салық комитеті
- B) Үйде әлеуметтік көмек көрсету
- C) Туристік агентства
- D) Банк мекемелері
- E) Бизнес-орталықтары
- F) Әлеуметтік –оналту орталықтары

12. Әлеуметтік қорғау түсінік ретінде:

- A) Адамдардың қажеттіліктерін қанағаттандыру шаралары
- B) Қоғамның қоғамдық-еңбектік өміріне араластырудағы шаралар жүйесі
- C) Әлеуметтік қорғаудың белгілі бір деңгейлерімен қамтамасыз ететін, әлеуметтік қызмет жүйесі
- D) Құқықты заңды түрде қалпына келтіру
- E) Банктік қызмет көрсету
- F) Азаматтардың заңмен бекітілген кепілдіктерін жүзеге асыру шаралары

13. «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» ҚР Заңы:

- A) Мүгедектерге арнаулы әлеуметтік көмек көрсету әдістемесін нақтылайды
- B) Әлеуметтік саясат принциптерін ашады
- C) Арнаулы әлеуметтік қызметті көрсету саласындағы қарым-қатынастарды реттейді
- D) Мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы қоғамдық қарым-қатынастарды реттейді
- E) Әлеуметтік қызметкердің адамгершілік қасиеттерін ашады
- F) Адрестік көмектің жағдайын анықтайды

14. Филантропия түсінік ретінде:

- A) Кәсіби әлеуметтік жұмыс
- B) Өзімшілдік
- C) Медицинадағы диагностикалық іс-әрекет
- D) Адамдарға мейірімділікпен қарау
- E) Адамсүйгіштік
- F) Жеке қайырымдылық жасау

15. А.Маслоудың қажеттіліктер теориясында басты негізгі қажеттіліктер:
- A) байлық
 - B) физиологиялық қажеттілік
 - C) билік
 - D) бедел
 - E) көңіл көтеру
 - F) өзін-өзі таныту
16. Патогенетикалық медико-әлеуметтік жұмыс мазмұны:
- A) Жұмыс іздеуге көмек беру
 - B) Бос уақытты ұйымдастыру ұйымы
 - C) Науқастарды оңалтуға қатысу
 - D) Медико-әлеуметтік экспертизаға қатысу
 - E) Менеджментке үйрету
 - F) Қоғамдағы әлеуметтік процестерге болжам жасау
 - G) Отан сүйгіштікке тәрбиелеу
17. Білім беру саласындағы әлеуметтік жұмыс:
- A) Оқушылардың әлеуметтік мәселелерді шешуге қатысу
 - B) Әлеуметтік қызметкер оқушылардың білімін бағалауды
 - C) Бала және социум арасындағы делдалдық
 - D) Қарт адамдарға әлеуметтік қызмет көрсету
 - E) Оқу пәндерін оқыту
18. Жұмыссыздық түрлері:
- A) Продуктивті
 - B) Аз төленетін
 - C) Құрылымдық
 - D) Еңбек
 - E) Тиімді
 - F) Негізгі
19. Әлеуметтік қызметкер мен клиенттің өзара байланыс принциптері:
- A) Клиенттің құқықтарын құрметтеу
 - B) Өзара қарым- қатынас жасауда әлеуметтік қызметкер рөлінің басымдылығы
 - C) Басқа адамдарға нұқсан келтіре отырып, клиентпен жұмыс жасау
 - D) Әлеуметтік қызметкер тарапынан этикалық нормаларды орындамау
 - E) Клиенттің келісімінсіз оның ішкі әлеміне үңілу

20. Қайырымдылық тарихындағы көмектің «жабық» жүйесі:
- A) Жеке адамның көмегі
 - B) Эпизодтық көмек
 - C) Моностырь мен ғибадатханалар жанынан көрсетілетін көмек
 - D) Қайыр- садақа беру
 - E) Әртүрлі жеңілдіктер
 - F) Ешкіммен регламенттелмейтін әлеуметтік көмек
 - G) Көмекті қажет ететіндерге, көмек беру үйлерінің қызмет етуі
 - H) Қайырымдылық мекемелерінің мақсатты қызметі
21. Қиын өмірлік жағдайға тап болған тұлғаларға көрсетілетін, материалдық көмек түрі:
- A) Еңбек ақы
 - B) Эмоционалды қолдау
 - C) Зейнетақы
 - D) Стационарлық қызмет көрсету
 - E) Ақшалай қаражат
 - F) Психологиялық кеңес беру
 - G) Азық-түлік
22. Әлеуметтік қызметкердің кәсібилікке пайдалы белгілері:
- A) Кәсібилік, шеберлік, қабілеттілік
 - B) Эмоционалды шиеленісті тудыра білу
 - C) Қақтығыс жағдайлар тудыру
 - D) Эмоционалды шаршау
 - E) Кәсіби дағдыларды қолдану іскерлігі
 - F) Тұлғаның кәсіби-мәндік сапаларының болуы
23. Э.Ф.Зеер бойынша кәсіби жетілудің кезеңдері:
- A) ниет, кәсіби шеберлік, мамандану
 - B) кәсіби даярлық, кәсіби бейімделу, жұмыссыздық
 - C) кәсіби бейімделу, икемділік, толеранттылық
 - D) оптация, кәсіби бейімделу, кәсіби игеру, кәсіби шеберлік,
 - E) оптация, кәсіби бейімделу, кәсіби игеру
 - F) оптация, кәсіби бейімделу, толеранттылық
 - G) оптация, кәсіби даярлық, мамандану
 - H) кәсіби бейімделу, мамандану, кәсіби шеберлік

24. «Жалпыға ортақ әл-ауқаттылыққа негізделген мемлекет» концепциясында мемлекет әлеуметтік салада негізгі мүмкіндіктерді қарастырады:

- A) білім деңгейін арттыруды
- B) өмір сапасын жақсартуды қамтамасыз етуді
- C) азаматтарға өмірлік жоспарларын асыруға барлығына тең мүмкіндіктер жасау
- D) әлеуметтік әділеттілік
- E) дін

25. Супервизор:

- A) «Психотерапевт» рөлін атқаратын арнайы оқыған ұжым қызметкері
- B) Әлеуметтік мекеме жетекшісі
- C) Интернаттық мекемедегі тәрбиеші
- D) Кәсіби ұстаз
- E) Студенттің іс-тәжірибе барысындағы жетекшісі

**Әлеуметтік жұмыс теориясы
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Әлеуметтік жұмыстың әдістері мен технологиялары

1. Тест әдісінің түрлері:

- A) проективті тест
- B) кибернетикалық
- C) тест-тапсырма
- D) техникалық
- E) лабораториялық
- F) математикалық
- G) тест-сауалнама
- H) логикалық

2. Технология түсінік ретінде:

- A) Көп рет қолданылуы мүмкін
- B) Белгілі бір тәртіппен жүзеге асырылатын операциялардың, іс-әрекеттердің жиынтығы
- C) Адамның қоғамдағы жағдайының әлеуметтік көрсеткіштері
- D) Әлеуметтік жұмыста қаражат жинау
- E) Теориялық әдістердің атауы
- F) Әлеуметтік жұмыстың принциптерінің бірі
- G) Әлеуметтік іс-әрекет туралы білімнің жиынтығы

3. Грек тілінен аударғанда «технология» сөзінің бастапқы мағынасы:

- A) дағды
- B) қабілет
- C) іскерлік
- D) дарындылық
- E) шеберлік
- F) білім
- G) өнер
- H) қасиет

4. Әлеуметтік жұмыстың жалпы (базалық) технологиялары:

- A) Әлеуметтік адаптация технологиялары
- B) Девиантты мінез-құлықтағы тұлғалармен әлеуметтік жұмыс технологиялары
- C) Жастармен әлеуметтік жұмыс технологиялары
- D) Әлеуметтік диагностика технологиялары
- E) Әлеуметтік реабилитация технологиялары
- F) Мүгедектермен жұмыс технологиялары
- G) Жетім балалармен әлеуметтік жұмыс технологиялары

5. Әлеуметтік диагностика:

- A) Әлеуметтік объекті жағдайын бағалау
- B) Әлеуметтік жұмыс принципі
- C) Әлеуметтік қызмет көрсетудегі әлеуметтік жұмыс іс -әрекеті
- D) Әлеуметтік болмысты өзгертуді жоспарлау процесі
- E) Клиенттің мәселелерін зерттеу мен шешу процесі

6. Диагностика түсінік ретінде:

- A) Әлеуметтік жұмыс теориясы мен тәжірибесі туралы білімдер жиынтығы
- B) Әлеуметтік қызмет жиынтығы
- C) Медицинадан алынған
- D) Латын тілінен аударғанда - қондырғы
- E) Зерттелетін объекті жөнінде ақпарат жинау тәсілі
- F) Грек тілінен аударғанда - анықтау қабілеттілігі
- G) Жобалаудың бір түрі

7. Әлеуметтік бейімделу процесс ретінде:

- A) Интернат үйлерінде жүзеге асырылмайды
- B) Өмірлік іс-әрекеттің әртүрлі саласында жүзеге асырылады
- C) Бір адамға ғана емес
- D) Әлеуметтік орта жағдайына тәуелді болуы
- E) Субъектісі жоқ
- F) Өсімдік әлемінің жаңа жағдайларға бейімделуі
- G) Әлеуметтік топтардың өмір сүру ортасына үйренуі

8. Балалармен жұмыстағы әлеуметтік-терапевтік әсер ету әдістері:

- A) Қорқыту
- B) Қадағалау
- C) Арттерапия
- D) Компенсация
- E) Индексация
- F) Анкета алу

9. Әлеуметтік технология:

- A) Іс-әрекетті жүзеге асыру
- B) Ақпараттық айналым
- C) Техникалық әдістер
- D) Техникалық үрдіс
- E) Әлеуметтік желі
- F) Ақпараттық жүйе

10. Әлеуметтік жұмыстағы социологиялық әдістер:

- A) Социометриялық
- B) Контент-талдау
- C) Сауалнама
- D) Тәрбиелік жағдайлар
- E) Сендіру

11. Әлеуметтік жұмыс мәселелерін зерттеудегі социологиялық әдістер:

- A) Психодиагностика
- B) Психодиагностика
- C) Сауалнама
- D) Құжаттарды сараптау
- E) Сұхбат
- F) Аудиториямен тренинг

12. Сызықтық құрылымның кемшілігі:

- A) Бір басшылықтың болуы
- B) Бағынушылар
- C) Стратегиялық жоспарлау буындарының жоқтығы
- D) Нақты көрсетілген жауапкершілік
- E) Жауапкершіліктің аздығы
- F) Инструментарий
- G) Жағдайлардың өзгеруіне аз икемділік

13. Бірыңғайландырылған құрылымға жатады:

- A) Нұсқауларды тез орындау
- B) Адамдарға көз-қарас
- C) Тұтынушыларға беймдилік
- D) Құрылымдық оңтайландыру
- E) Кәсіпкерлерге қарсы

14. Диагностика термині грек тілінен аударғанда мағына береді:

- A) Анықталмағандық
- B) Шыдамдылық
- C) Бақылау
- D) Адамгершілікті тану
- E) Адамды тану
- F) Айқындау

15. Әлеуметтік сақтандыру қамтамасыз ету шарасы:

- A) Жұмысқа орналасқанда
- B) Мүгедектікке ұшырағанда
- C) Асыраушысынан айрылу
- D) Жұмыс істегенде
- E) Жұмысынан айрылу бойынша
- F) Ажырасқанда

16. Еркінен тыс көшіп -қонушылар:

- A) Мигранттар
- B) Кедейлер
- C) Босқындар
- D) Шетелдіктер
- E) Қашқындар

17. Қарттарды әлеуметтік қорғау стратегиясы тұрады:

- A) Интеграция
- B) Валидация
- C) Сегрегация
- D) Селекция
- E) Оптимизация, компенсация

18. Сапа менеджментін жақсарту әрекетіне жатады:

- A) Өзгерістерді рәсімдеу
- B) Шешімдерді талдау және бағалау
- C) Шешімдерді талдау және бағалау
- D) Жақсарту мақсаттарын тағайындау
- E) Мақсаттарды бағалау
- F) Тиімділікті жоғарылату
- G) Таңдалған шешімдерді орындау

19. Әлеуметтік-медициналық көмек:

- A) Тұрмыстық көмек
- B) Әлеуметтік реабилитациялау
- C) Жиһазды қолдануда көмек көрсету
- D) Әлеуметтік диагностика
- E) Әлеуметтік-психологиялық кеңес
- F) Қаржылық көмек
- G) Анимациялық көмек

20. Әлеуметтік жұмыстағы жалпы ғылыми әдістер:

- A) Сендіру
- B) Индукция және дедукция
- C) Қарттармен әлеуметтік жұмыс әдістері
- D) Мүгедектермен әлеуметтік жұмыс әдістері
- E) Талдау және синтездеу
- F) Делдалдық

21. Азшылық теориясына сәйкес қарт адамдар:

- A) халықтың басқа қабаттары үшін теріс түсініктегі объект
- B) өнімді адамдар
- C) дискриминацияға жиі ұшырайтындар
- D) өзінің денсаулығына, өмірлік жоспарларына, қызығушылықтары мен қабілеттеріне сәйкес қоғамның кез келген жерінен өздеріне орын таба алатын адамдар
- E) қоғамның белсенді тобы
- F) еңбегі қоғам үшін қажет адамдар
- G) босату процесін бастан кешірген адамдар тобы

22. Мүгедектер қатынасындағы әлеуметтік саясатты жүзеге асырудың негізгі принциптері:

- A) детерминизм
- B) әлеуметтік компенсация
- C) әлеуметтік әріптестік
- D) үш жақтылық
- E) компетенттілік
- F) мемлекеттік және қоғамдық кепілдіктер
- G) демократизм
- H) құпиялылық

23. Отбасының әлеуметтік-психологиялық проблемалары:

- A) ажырасудың себептері
- B) отбасылық тәрбиенің тиімділігі
- C) отбасындағы баланың жағдайы
- D) некелік-отбасылық бейімделу
- E) әлеуметтік қатерлер
- F) отбасылық және отбасы ішілік рөлдермен келісу

24. Жастар:

- A) өзінің денсаулығына, өмірлік жоспарларына, қызығушылықтары мен қабілеттеріне сәйкес қоғамның кез келген жерінен өздеріне орын таба алатын адамдар
- B) қоғамда өзінің статусымен және жастық шеңберімен ерекшеленетін топ
- C) өнімді адамдар
- D) әлеуметтік институт
- E) ерекше әлеуметтік-демографиялық топ

25. Мигранттармен әлеуметтік жұмыстың ұйымдастырушылық аспектісінің негізгі міндеттері:

- A) материалдық қаржылық көмекті ұсыну
- B) әлеуметтік қызмет көрсету іс-әрекеттері туралы мигранттарды ақпараттандыру
- C) көші-қон мәселелері бойынша түрлі жоспардағы зерттеулер жүргізу
- D) мигранттарға олардың құқықтық міндеттері туралы ақпарат беру
- E) мигранттардың құқықтарын қорғау
- F) мигранттарды әлеуметтік қорғау мекемелерінің түрлі формаларын ұйымдастыру (оңалту орталықтары, дағдарыс орталықтары, инертант-үйлер, кеңес беру пунктері, көмек беру пунктері және т.б.)
- G) экономикалық мәселелер бойынша кеңес беру
- H) мигранттар және көші-қон мәселелерін шешуге бағытталған түрлі ведомствалар және мекемелермен, мемлекеттік және жергілікті құрылымдармен, қоғамдық ұйымдармен және қорларымен және олардың субъектілері арасында әрекет ету

**Әлеуметтік жұмыстың әдістері мен технологиялары
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**